

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Соты  
"06" 02 2019 ж.  
Кіріс № 587 Бет 2

✓  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының  
төрағасы  
Ж.Қ.Асановқа  
Астана қаласы  
Д.Қонаев көшесі №39

Қызылорда облыстық  
сотының төрағасы  
Қ.Ж.Нұрышевқа  
Қызылорда қаласы  
Әйтеке би көшесі №29

Мен, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының тұрғыны Амиршеева Күләнда осы хатым арқылы Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотымен маған қатысты әділ шешім қабылданып, заңның үстемдігіне көзім жетуіне байланысты, Сіздерге алғысымды білдіремін.

Қазіргі кезде елімізде кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатырғандықтан және заманның талабына сәйкес, бізде жанұямызбен бірге кәсіпкерлікпен айналысуды шешкен болатынбыз.

Осы мақсат үшін 01.02.2018 жылы жеке тұлғадан бірнеше жылдардан бері игерілмей тұрған және ауыртпалық қойылған Қызылорда қаласындағы жер телімін сатып алып, оған жобалау-сметалық құжаттар дайындауға тапсырыс бердік.

Жобалау сметалық құжат дайындау мерзімі ауыртпалық мерзімінен кейін дайын болуына байланысты, құрылыс жұмыстарын бастау мүмкіндігіміз болмады.

Дегенмен, жер телімінің меншік иесі өзім болуына қарамастан, жер инспекциясымен жерді игеру туралы берілген Нұсқаманың орындалуына тексеру жүргізіліп, қорытындысымен маған қарсы ӘҚБТК-нің 462-бабының 3-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғау туралы хаттама толтырылып, сотқа беріліпті.

Бірақ, бұл тексеру туралы маған хабарланбаған, мені қатыстырмаған, уәждерімді сұрамаған, хаттамамен таныстырмаған, яғни тексеру мен әкімшілік құқық бұзушылық хаттама менің сыртымнан жасалып, хаттама тек маған танысу үшін жолданған.

Сөйтіп, менің заңмен қаралған құқықтарым елеулі бұзылған еді.

Бірақ, маған қатысты қозғалған әкімшілік іс Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы С.Б.Өтегеновамен сот отырысында жан-жақты, мұқият қаралып, менің жоғарыдағы уәждерім толық тыңдылып ескерілді.

Нәтижесінде, менің кінәсіздігім дәлелденіп, соттың 31.10.2018 жылғы қаулысымен әкімшілік іс қысқартылып, мен жауаптылықтан босатылдым.

Сөйтіп, әділеттілік салтанат құрды.

Сондықтан, осындай әділ шешімнен кейін мен сияқты қарапайым адамның сотқа деген сенімі артты.

Қазіргі уақытта, салынатын құрылыс нысанының жобалау сметалық құжаттары дайындалып, жерді мақсатына сәйкес игеру жұмыстары басталды.

Мен, өмірімде соттың жұмысымен бірінші рет кездесіп отырғандықтан, сот жұмысының мемлекет атынан шешім шығару құзырымен қатар, оның жауапкершілігінің жоғары екенін түсіндім.

Сондықтан, маған қатысты қозғалған әкімшілік істің ақ қарасын шешіп, менің құқығымды қорғап, әділдікті орнатқан сот жұмысына алғысымды білдіремін және қызметте абырой мен табыс тілеймін.

Амиршеева Күләнда

